

АНА ТІЛІ

Ғұн Тазаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Әлемді сөз билеп тұр



Бұрын да, қазір де әлемді билеп келген сөз жаһандану дәуірінде барынша құбылып, бұзылып, соның салдарынан бүкіл әлем жүрісінен жаңыла бастағандай. Қоғамдық дамудың феодализм, капитализм, социализм секілді сатыларынан аман-есен өтіп, енді адамзат қоғамының ең жоғарғы сатысы коммунизмді құрып, шалқып өмір сүреміз деген кезде Батыстан жаһанды жалмап келе жатқан жаһандануға ұшырадық; ол аз дегендей, тәжтажал тұмауына душар болдық. Әлеуметтік дүмпулерге ұшыраған күллі адамзат баласы есеңгіреп, дағдарып қалғандай күй кешуде. Сөзі бұзылған елдің өзі де бұзылады; болашағы бұлыңғыр тартады. Қазақ халқы да осыдан 100 жыл бұрын Мағжан айтқандай, «тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол».

Қазір бүкіл әлем мазасыз күй кешуде. Әлемнің қай түкпіріне бармаңыз, экологияға ұшыраған табиғатты, стрес-тен жүйке ауруларына шалдығып, ауруға, аштыққа ұшырап, бір-бірімен қырқысып жатқан адамдарды көресіз. Дамыған құрлық деп келген Еуропада басталған «арнайы операция» дүниежүзілік соғысқа айналып кетудің сәл-ақ алдында тұр. Мұның барлығы адамның адами болмысын сақтап, рухани өмірін қамтамасыз етіп отыратын сөзінің бұзылуынан, сөз қадірін жоғалтып алуынан жер бетіндегі адамдардың тіршілігін қамтамасыз ететін материалдық игіліктердің әділетті бөлінбеуінен, олардың белгілі

бір топтардың қолына шоғырлануынан, әлеуметтік қарым-қатынастарда әділетсіздіктің өріс алуынан, «адамды тұрмыс билейді», «адам – адамға қасқыр» ұстанымдарының алға шығып, байлық қуып кету, әлемге билік жасауға ұмтылу салдарынан туындап отыр. Осы сияқты көптеген факторлар ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық қарым-қатынастарды бұзып, жер-жерлерде әлеуметтік қайшылықтар, бас көтерілулер көбейе түсіп, соғыс өртінің лап ете қалуына тамызық болуда.

Ал адам болса, бұл өмірге бақытты болу үшін келеді. Ал тіршілікте көргені – ылғи да азап, қиындықтар... Оның себебі неде? Сонда адам қайткенде, бақытты өмір сүре алады; адамзат қоғамы қайткенде, қалыпты дамып, адамның жақсы өмір сүруіне барлық жағдайлар жасалады? Бұл сауал адамзат баласын есте жоқ есте замандардан бері толғандырып, ойландырып, күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Бұл бағытта не бір құнды ойлар айтылып, утопиялық теориялар өмірге келіпті...

Солардың ішінде қазақ даласынан шығып, әлемдік өркениеттің жарық жұлдыздарының біріне айналған отырарлық ғұлама әл-Фарабидың өміршең ойлары күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Ұлы ғұлама сол кездің өзінде-ақ «Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек» деген екен. Мұны бүгінгі күннің ұғымына ыңғайлап, түсініктілеу етіп айтар болсақ, бақытты адам дегеніміз – ұлылар басқарып, адамның қалыпты дамуы үшін қажетті барлық жағдайлар жасалынған қоғамда өмір сүріп, рухани, сана-сезімі жан-жақты дамыған, кемелдікке жеткен жандар. Сонда бар мәселе адамзат қоғамын құрайтын адамның рухани болмысына, сана-сезіміне келіп тірелетіндігі көрініп тұр.

Сонымен, бұрын да, қазір де адам мықты болуы үшін ең алдымен, оның адами капиталы, яғни рухани жағынан жетілген, тұрмыстық, ұлттық, азаматтық, ғылыми сана-сезімі қалыптасқан болуы керек. Содан кейін барып, оның рухани өмірін қамтамасыз ете алатын тұрмысы, өзін өзі түрлі әділетсіздіктерден қорғай алатындай әлеуеті болғаны жөн. Әл-Фарабидің «кемел адам» деп отырғаны - осындай адам. «Кемел адам» ілімін Абай «толық адам» ретінде әрі қарай жалғастырды. Ал осындай рухы, санасы жоғары адамдардан тұратын ұлттың да, қоғамның да, мемлекеттің де мықты, болашағы зор болатындығы белгілі болса керек. Демек, сөзі мықты болмай, елі мықты бола алмайды.

Әрине, осылай деп, айта салу – оңай. Шынайы өмірге келгенде, әділетті қоғамның аулы әлі күнге дейін алыстан бұлдырап көрінеді. Ал адамзат қоғамы барлық адамдардың бақытты өмір сүруіне мүмкіндіктер жасалынған жетілген қоғамда өмір сүргісі келеді. Сонда не істеу керек? Біз осы мәселеге тікелей қатысы бар сауалдарға әлемдік аяда жауап іздеп, адамзат қоғамының бір пұшпағы ретінде қазақ қоғамында жүріп

жатқан әлеуметтік үдерістерге үңілдік. Сондағы көзіміздің жеткені келеңсіздіктердің басты себебі, халықтың ұлттық, яғни табиғи жолмен дамуына мүмкіндіктер берілмей, олардың түрлі сыртқы қысымдарға ұшырауы, оның үстіне ішкі алауыздықтардың ушыға түсуі болған екен. Бір сөзбен айтқанда, тура жолмен дамуға ұлттық бірліктің болмауы кедергі келтіріп отырған. Ал ұлттық бірлікке қалай қол жеткіземіз? Міне, қазақ халқының болашағы осы мәселенің дұрыс шешімін табуына тікелей байланысты болып отырғандығына көзіміз жетіп отыр.

Қазіргі қазақ қоғамының көшбасшылары да мұны түсініп, ұлттық бірлікке шақыруда. Бірақ та бұған қол жеткізуге, яғни жүзеге асыру жағына келгенде, кібірткік байқалады. Осы жерде тағы да Абайды тыңдайық. Абай да ел болу үшін, өсіп-өркендеу үшін ең алдымен, бірлік керек дейді. Абайды оқиық:

«Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ырыс алды - тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда, байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын издеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?». Ұлы ақынның «ақылға бірлік» дегеніне назар аударыңыз. «Ақыл» дегеніміз - ой, идея. Сонда Абай халқын ой бірлігіне, идея бірлігіне шақырып отыр. Ал ұлтқа қызмет ететін идеялардың жиынтығын ұлттық идеология, мемлекетті нығайтатын идеяларды мемлекеттік идеология дейміз. Қазақстанда осы екі мәселе де күні бүгінге дейін өз шешімін таба алмай келеді. Оның бірнеше басты себептері бар. Солардың ішінде қазір Қазақстан халқының 75 пайыздайын құрайтын қазақтардың ұлттық тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ұлтты, халықты бір мақсатқа ұйымдастырушылық сияқты өз қызметін толық атқаруына түрлі себептермен мүмкіндіктердің берілмей келуі, соның салдарынан ұлтаралық алауыздықтардың, әлеуметтік теңсіздіктердің сақталып отыруы дер едік.

Біздіңше, Қазақстанда тұратын қазақтарды, басқа да ұлттарды біріктіре алатын бір ғана жол бар. Ол - елімізде тұрып жатқан қазақтардың, басқа да ұлттардың мүддесіне қызмет ететін ұлттық идеология, оның қазіргі заманғы түрі, атауы мемлекеттік идеология. Ұлттық идеологияның өзегі қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды бір мақсатқа жұмылдырып, басын біріктіруші факторға айналуы тиіс. Осы жердегі ең басты мәселе - ұлттың, мемлекетіміздің бірлігін қам-

тамасыз ететін ұлы идеяларды халыққа жеткізетін, іске асыратын – сөз, мемлекеттік тіл. Ниет дұрыс болса, сөз де, іс те бір бағыттан шығып, халықты ортақ мүддеге жұмылдырады; қоғам қалыпты даму жолына түседі. Әлемдік тәжірибе осылай дейді.

Адамның, ұлттың тұрмыс-тіршілігінде, әлеуметтік өмірінде тіл аса маңызды рөл атқарады. Барлық нәрсе осы тіл мәселесінің қалай шешілуіне тікелей байланысты. Өйткені тіл дегеніміз – адам, адамның денсаулығы, адамның тағдыры, адамның қоғамда алатын орны, т. б. Ұлт өмірінде де дәл осындай қызмет атқарады. Тіл жойылса, ұлт та жойылады. Ана тілінсіз адамның ұлттық болмысы әлсіреп, ұлттық қоғамның сыртқа тебуіне, мұның өзі оның ұлттық қоғамда өзіне лайықты орынды алуына, көптеген келеңсіз құбылыстарға алып баратындығын өмір көрсетіп жатыр.

Алдымен, ойыңды түзе, ойың сөзге айналады; сөзіңді түзе, сөзің іске айналады; ісіңді түзе, ол әдетке айналады; әдетіңді түзе, ол мінезге айналады; ал мінез – сенің тағдырың (Шәкәрім). Адамның миында қайнап, қорытылып, сөзге айналған ойдың магиялық құдіреті – жасампаз. Өмір тәжірибелеріне сүйене отырып, идеяның сөзге айналғандағы магиялық сипаты ғылыми тұрғыдан жан жақты талданылған. Жекелеген адамнан бастап, ұлттың, мемлекеттің, жалпы адамзат қоғамының тағдыры тікелей осы сөздің ішінде «жасырынып жатқан» алапат күшке тікелей байланысты екеніне көзіңіз жетеді. Сонымен, Адам Ата жаралғалы бері адамзат қоғамын толғандырып келе жатқан «Адам не үшін өмір сүреді; өмірдегі мақсаты не; қайткенде, бақытты болады?» деген сауалдар төңірегінде ой өрбітіп, оған қоғам дамуының, білім-ғылымның бүгінгі күн биігі тұрғысынан жауаптар іздегенде, осы үдерісте сөз шешуші рөл атқарады екен. Адамзат баласының ғасырлар бойғы рухани дамуы барысында сөз арқылы жинақтаған асыл қазынасына, ғылым жетістіктеріне, имандылық негіздеріне сүйене отырып, адамның қалыпты жолмен жетілуінің табиғи заңдылықтарындағы сөздің аса маңызды қызметіне назар аударылғанда ғана алға қойған ұлы мақсаттардың үдесінен шыға аламыз. Адамның өміріндегі, тағдырындағы негізгі қозғаушы күш ретіндегі ойдың, сөздің, істің жетекшілік қызметіне баса назар аударылып, ой басқа, сөз басқа, іс басқа болып кетпей, ниеттің, сөздің, істің бір арнаға құйылып жатуы аса маңызды.

Дандай Ысқақұлы